

**Құрылысты жобалық қамтамасыз ету және сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі кейбір мәселелер**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 маусымдағы N 557 Қаулысы

Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамыту және осы саладағы мемлекеттік нормативтер жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Құрылысты жобалық қамтамасыз ету және сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар Жоспар іс-шараларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 10 қаңтарға және 10 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне оның орындалу барысы туралы а қ п а р а т ұ с ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жыл сайын 20 қаңтарға және 20 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2015 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 33, 458-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта м е р з і м д і ж о с п а р ы н д а :

"2006-2008 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі" деген 4-бөлімде: р е т т і к н ө м і р і 72-жол алынып тасталсын.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2015 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2006 жылғы 16 маусымдағы  
 N 557 қаулысымен

бекітілген

**Құрылысты жобалық қамтамасыз ету және сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік нормативтер жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.11 N 187, 2008.03.01 N 208 Қаулыларымен.**

Р / с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар, млн. теңге	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Жобалауды және құрылысты нормативтік-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруді мемлекеттік қолдау					
1	Өзірленетін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасының шеңберінде» "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ	2006 жылғы ІІ тоқсан	Талап етілмейді	

2	Экономиканың базалық салалары объектілерін жобалаудың және салудың қолданыстағы ведомстволық нормаларына түгендеу жүргізу және оларды жетілдіру мен басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И С М (жинақтау), ДСМ, БҒМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ, ЭМРМ	Жыл сайын, 20 қаңтар	Талап етілмейді	
3	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің жанына сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды басып шығару және тарату жөніндегі мамандандырылған мемлекеттік орталық құру мүмкіндігін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007 жылғы 20 қаңтар	Талап етілмейді	
4	Құрылыс саласында қолданыстағы мемлекеттік нормативтердің тізбесін жыл сайын басып шығаруды ұйымдастыру	Бекітілген тізбе	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	Талап етілмейді	
5	ИСМ ҚжТКШК-пен келісім бойынша қолданыстағы ведомстволық құрылыс нормативтерінің тізбесін жыл сайын басып шығаруды ұйымдастыру	И С М ҚжТКШК-пен келісім бойынша бекітілген тізбе	И С М (жинақтау), ДСМ, БҒМ, АШМ, ККМ, ТЖМ, ЭМРМ	Жыл сайын, I V тоқсан	Талап етілмейді	
	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс					

6	және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің жанынан Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының орталығын (республикалық деңгейде) құру мүмкіндігін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007 жылғы 20 қаңтар	Талап етілмейді	
7	Лицензиялау туралы заңнамаға жобалау ұйымдарында жұмыс істейтін жобалаушы - жеке тұлғаларды және сарапшыларды лицензиялау практикасын енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	И С М (жинақтау), "Мемсараптама" РМК	2006 жылғы 11 тоқсан	Талап етілмейді	
8	"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексіне жобалау сапасы үшін жобалаушылармен тапсырыс берушілердің бірлескен жауапкершілігін арттыру бөлігінде өзгерістермен толықтырулар енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	И С М (жинақтау), "Мемсараптама" РМК	2006 жылғы 11 тоқсан	Талап етілмейді	
9	Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуші болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс-	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	И С М (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, Әділетмині	2006 жылғы 11 тоқсан	Талап етілмейді	

	қа қатысуға құқығы бар дегенді көздейтін бөлікте өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныс енгізу					
<b>2. Объектілер мен кешендерді жобалаудың және салудың сапасын бақылауды күшейту, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының өндірістік әлеуетін арттыру</b>						
10	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензиялау туралы заңнамаға құрылыс үшін жобалау жұмыстарын жүзеге асыратын өтініш берушілер мен лицензиаттарға бақылау және сапа нормасы қызметінің болуы туралы біліктілік талаптарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	И С М (жинақтау), "Мемсараптама" РМК	2006 жылғы І І тоқсан	Талап етілмейді	
11	Құрылыс және сәулет мамандықтарына жоғары кәсіби білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту туралы мәселені қарау	ИСМ-ге ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы 1 0 шілде	Талап етілмейді	
12	Құрылыс саласында сейсмикалық тәуекелді және ықтимал қиратушы жер сілкіністерінен болатын залалды төмендету, сондай-ақ тиімді сындарлы шешімдер әзірлей отырып, ғимараттар мен құрылыстардың	Нормативтік - техникалық құжаттар	ИСМ	Жыл сайын, І V тоқсан	67,70 2006ж.- 26,46 2007ж.-	Республика

	төзімділігі мен шыдамдылығын қамтамасыз ету жөнінде колданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу				20,02 2008ж.- 21,22*	калық бюджет
13	Жобалау жұмыстарын жүргізуге лицензиясы бар жұмыс істеп жатқан жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мониторинг жүргізу	Мониторинг жүргізу	И С М (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, сәуір	Талап етілмейді	
<b>3. Құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жобалаудың және оны нормативтік-техникалық қамтамасыз етудің заңнамалық базасын жетілдіру</b>						
14	Білім беру, денсаулық сақтау объектілерінің және әлеуметтік инфрақұрылымның басқа да объектілерінің үлгі жобаларын әзірлеу, бекіту, үлгі жобалардың каталогтарын басып шығару	И С М ҚжТКШК бұйрығының жобасы	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	1070,02 2006ж.- 89,6 2007ж.- 797,75 2008ж.- 182,67	Республикалық бюджет
15	Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жаңа нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу және қолданыстағыларды жаңарту әрі нормативтік-техникалық құжаттарды мемлекеттік тілге аудару	Нормативтік-техникалық құжаттар	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	278,86 2006ж.- 85,4 2007ж.- 105,20 2008ж.- 88,26	Республикалық бюджет
	ТМД елдерімен ынтымақтастық және Құрылыстағы стан-					

16	дарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия (ҚМҒТК) шеңберінде ТМД елдері үшін ортақ мемлекетаралық нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және сатып алу бойынша үлестік қатысу	Нормативтік-техникалық құжаттар	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	Талап етілмейді	
17	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясындағы техникалық реттеу саласында нормативтік құқықтық кесімдерді (техникалық регламенттерді) жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	Талап етілмейді	
18	Қағаз және электронды жеткізгіштерде нормативтік-техникалық құжаттардың деректер банкінің жаңарту және қалыптастыру	Нормативтік-техникалық құжаттардың деректер банкі	ИСМ	Жыл сайын, I V тоқсан	Талап етілмейді	
19	Қазақстан Республикасында ресейлік нормативтік-техникалық құжаттарды уақытша қолданудың тәртібін жеңілдету туралы ұсыныс енгізу	ТМД-ның Үкіметаралық кеңесіне ұсыныстар	ИСМ (жинақтау), "Мемсараптама" РМК	2006 жылғы, I V тоқсан	Талап етілмейді	
19 - 1	Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу бойынша дайындық іс-шараларын өткізу	Нормативтік-техникалық құжаттар	ИСМ	2008 жылғы I V тоқсан	29,97 2008 ж. - 29,97	Республикалық бюджет
20	жиыны				1446,55 2006ж.- 201,46 2007ж.-	

					922,97	
					2008ж.-	
					322,12	

**Е с к е р т у :**

\* сомалар Республикалық бюджет комиссиясының шешімдеріне сәйкес жыл сайын  
на қ т ы л а н а т ы н б о л а д ы ;

**аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
м и н и с т р л і г і

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
м и н и с т р л і г і

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИСМ ҚжТКШК - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

"Мемсараптама" РМК - "Мемсараптама" жобалардың мемлекеттік ведомстводан  
тыс сараптамасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 6 н а у р ы з д а ғ ы

№ 5 5 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1778 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 51, 582-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қазандағы N 1369 қаулысымен бекітілген



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 22-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 478-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялайтын мемлекеттік орталық (Мемқұрылыслицензия)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 127 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 5, 34-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1778 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 534 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 14, 147-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 462 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 20, 208-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1778 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 907 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 31, 427-құжат).